

**"Ұшуды орындау және әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде радиоалмасу фразеологиясының қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 15 қазандағы № 454 бұйрығына және "Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіні сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларын, сондай-ақ аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушілерге қойылатын сертификаттау талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы № 384 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 21 ақпандағы № 106 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 28 ақпанда № 31983 болып тіркелді

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Ұшуды орындау және әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде радиоалмасу фразеологиясының қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 15 қазандағы № 454 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6635 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ұшуды орындау және әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде радиоалмасу фразеологиясының қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Ұшуды орындау және әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде радиоалмасу фразеологиясының қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабының 5-тармағына, "Әуе қозғалысын ұйымдастыру және оған қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 16 мамырдағы № 279 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7006 болып тіркелген) (бұдан әрі – Нұсқаулық) 8-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіндегі, сондай-ақ әуе қозғалысын ұйымдастыруды Қазақстан Республикасы жүзеге асыратын, одан тыс жерлердегі әуе кемелерінің (бұдан әрі – ӘК) экипаждары мен әуе қозғалысына қызмет көрсету органдарының диспетчерлері арасында радиоалмасу жүргізу тәртібін және үлгілік фразеологиясын айқындайды.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Осы бұйрықтың 1-қосымшасында көрсетілген радиоалмасу кезінде авиациялық терминологияның бір бөлігі болып табылатын кейбір шектеулерді қолдануға жол беріледі, олар әріптерді хабарлауға арналған алфавитті қолданбай, яғни сөздерді тікелей оқу арқылы айтылады.";

2. "Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіні сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларын, сондай-ақ аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушілерге қойылатын сертификаттау талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 26 маусымдағы № 384 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15468 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Аэронавигациялық қызмет көрсетушіні сертификаттау және оған сертификат беру қағидаларында:

9, 10 және 10-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын алу үшін өтініш беруші (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) уәкілетті ұйымға осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын алуға өтінішті (бұдан әрі – өтініш) және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – негізгі талаптардың тізбесі) көзделген тізбе бойынша құжаттар топтамасын " электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жібереді.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының жүгіну тарихындағы "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін электрондық сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.

10. Уәкілетті ұйым құжаттарды түскен күні тіркеуді жүзеге асырады.

Құжаттарды қарау және мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру жалпы мерзімі олар түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнін құрайды.

10-1. Өтініш беруші негізгі талаптардың тізбесінде 8-тамақпен көзделген құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынғанда, уәкілетті ұйым өтінішті қабылдаудан бас тартады.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Уәкілетті ұйым нұсқамалық материалды пайдалана отырып аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушілерге қойылатын сертификаттау талаптарға сәйкес 5 (бес) жұмыс күні ішінде сертификаттық зерттеп - қарауды жүргізеді.

Бұл ретте, уәкілетті ұйым мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне "Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын беру" мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету сатысы туралы деректер енгізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 14 маусымдағы № 452 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8555 болып тіркелген) сәйкес қамтамасыз етеді.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін үш жұмыс күні ішінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының мемлекеттік қызмет берушіге және операторына мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты жібереді.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Сертификатты беруден бас тарту үшін негіздер негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көзделген.";

29-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші сертификатта бұрын көрсетілмеген жаңа аэронавигациялық қызмет көрсетудің түрлеріне (кіші түрлеріне) аэронавигациялық қызмет көрсетуді жүзеге асыруы үшін өтініш беруші портал арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және аэронавигациялық қызмет көрсетудің мәлімделген түрлеріне (кіші түрлеріне) қатысты бөлігінде негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағында көзделген құжаттарды жібереді.

Бұл ретте, аэронавигациялық қызмет көрсетуді беруші қосымша сертификаттау үшін Салық кодексінің 554-бабының 7-тармағының 9) тармақшасында белгіленген аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушілерді сертификаттауға алым мөлшерлемесінен 10% мөлшерінде алым төлейді.

Сертификаттау жүргізу және аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіге сертификат беру тәртібі осы Қағидалардың 2-тарауында айқындалады.";

32-тармақ алып тасталсын;

2-қосымша осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушіге қойылатын сертификаттық талаптарында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналарды:

1) Өнім берушіде мыналар:

Өнім берушінің Жаһандық аэронавигациялық жоспармен (Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымының құжаты, ГАНП, Құжат 9750) көзделген іс-шараларды іске асыруды көрсететін даму кемінде 3 жыл кезеңге арналған бекітілген жоспары болуы;

әзірленген және азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйыммен келісілген әуе қозғалысына қызмет көрсетуді бұзуға байланысты күтпеген мән-жайлар кезіндегі іс-шаралар жоспарының болуы және (немесе) байланыс, навигация және бақылау жүйелерін ұсыну, және (немесе) ұшуды метеорологиялық және (немесе) іздестіру-құтқарумен қамтамасыз етуді, және (немесе) аэронавигациялық ақпаратты ұсынуда;

бекітілген филалдар (өкілдіктер) туралы ережелердің және лауазымдық нұсқаулықтардың болуы;

"Әуе қозғалысына қызмет көрсету кезінде, әуе кемелеріне техникалық қызмет көрсету кезінде әуежайларда азаматтық әуе кемелерін пайдаланушылардың ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі үлгі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 28 наурызда № 173 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6855 болып тіркелген) сәйкес жасалған (Өнім берушіні бастапқы сертификаттағанда) не қызмет ететін (Өнім берушіні қайта сертификаттағанда) ұшу қауіпсіздігін басқару жүйесі (меншікті немесе шарт негізіндегі ұқсас қызмет түрін көрсететін басқа Өнім берушінің ұшудың қауіпсіздігін басқару жүйесінің бақылауында) болуы;

дайындалған персоналдың бар болуы және оның дайындығы "Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысатын авиация персоналының кәсіптік даярлығының үлгілік бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2013 жылғы 28 қыркүйектегі № 764 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8785 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 764 бұйрық) негізінде әзірленген аэронавигациялық қызмет көрсетушінің нақты түрі үшін жұмылдырылған персоналды кәсіби даярлаудың бекітілген бағдарламаларына сәйкестігі.

азаматтық авиация ұйымдарының қызметтерімен Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы заңнамасында көзделген өзара іс-қимыл жасау (үйлестіру) жөніндегі келісілген нұсқаулықтардың болуы;

2) өнім берушінің Өнім берушінің сертификатын алуға өтінішке қоса берілетін құжаттама талаптарын Өнім берушіні сертификаттау және оған сертификат беру тәртібіне сәйкес сақтауын."

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Азаматтық авиация комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі

М. Карабаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Цифрлық даму, инновациялар және  
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Индустрия және  
инфрақұрылымдық  
даму министрінің  
2023 жылғы 21 ақпандағы  
№ 106 Бұйрыққа  
қосымша  
Аэронавигациялық қызмет  
көрсетуді берушіні  
сертификаттау  
және оған сертификат  
беру қағидаларына  
2-қосымша

"Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	"Қазақстанның авиациялық әкімшілігі" акционерлік қоғамы
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	"Электрондық үкіметтің" веб-порталы
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	15 жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификаты немесе осы негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген алу тәсілдері	Ақылы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 554-бабы 7-тармағының 9) тармақшасына сәйкес, аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын беру үшін:	<table border="1"> <thead> <tr> <th data-bbox="932 415 1333 495">№ р/с</th> <th data-bbox="1333 415 1531 495">Аэронавигация көрсетуді беруш</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="932 495 1333 541">1</td> <td data-bbox="1333 495 1531 541">2</td> </tr> <tr> <td data-bbox="932 541 1333 588">1.</td> <td data-bbox="1333 541 1531 588">201 адам және о</td> </tr> <tr> <td data-bbox="932 588 1333 634">2.</td> <td data-bbox="1333 588 1531 634">101 адамнан 20С</td> </tr> <tr> <td data-bbox="932 634 1333 680">3.</td> <td data-bbox="1333 634 1531 680">51 адамнан 100 .</td> </tr> <tr> <td data-bbox="932 680 1333 726">4.</td> <td data-bbox="1333 680 1531 726">21 адамнан 50 а.</td> </tr> <tr> <td data-bbox="932 726 1333 772">5.</td> <td data-bbox="1333 726 1531 772">11 адамнан 20 а.</td> </tr> <tr> <td data-bbox="932 772 1333 819">6.</td> <td data-bbox="1333 772 1531 819">10 адамға дейін</td> </tr> <tr> <td colspan="2" data-bbox="932 819 1531 890">Ескертпе: сертификаттың қолданылу саласын кеңей</td> </tr> </tbody> </table>	№ р/с	Аэронавигация көрсетуді беруш	1	2	1.	201 адам және о	2.	101 адамнан 20С	3.	51 адамнан 100 .	4.	21 адамнан 50 а.	5.	11 адамнан 20 а.	6.	10 адамға дейін	Ескертпе: сертификаттың қолданылу саласын кеңей	
№ р/с	Аэронавигация көрсетуді беруш																				
1	2																				
1.	201 адам және о																				
2.	101 адамнан 20С																				
3.	51 адамнан 100 .																				
4.	21 адамнан 50 а.																				
5.	11 адамнан 20 а.																				
6.	10 адамға дейін																				
Ескертпе: сертификаттың қолданылу саласын кеңей																					
7	Көрсетілетін қызметті берушінің, және ақпарат объектілерінің жұмыс істеу кестесі	<p>1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13:00-ден 14:00-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 8:30-ден 17:30-ға дейін.</p> <p>2) портал – жөндеу жұмыстарына байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішті тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>Мемлекеттік қызметтерді көрсету орындарының мекен-жайы мына жерде орналастырылған:</p> <p>1) Көрсетілетін қызметті беруші "Қазақстанның авиациялық әкімшілігі" акционерлік қоғамының интернет-ресурсында - <a href="http://www.saakz.kz">www. saakz. kz</a>, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;</p> <p>2) <a href="http://www.egov.kz">www. egov. kz</a> порталында.</p>																			

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аэронавигациялық қызмет көрсетуді берушінің сертификатын алуға өтініш.

2) нысан бойынша соңғы жылғы қаржылық-экономикалық жағдай туралы ақпараттың электрондық көшірмесі.

3) персоналдың бастапқы даярлығын және техникалық оқуды және біліктілігін арттыру курстарын жоспарлауды, өткізуді растайтын құжаттаманың электрондық көшірмесі;

4) ұшу қауіпсіздігін басқару жөніндегі бекітілген нұсқаулықтың электрондық көшірмесі;

5) ӘҚҰ персоналдың, диспетчердің, оператордың жұмыс технологиясының (жұмыс нұсқаулықтарының) электрондық көшірмелері.

6) ҰРТҚ және байланыс құралдарын пайдалану, техникалық қызмет көрсету тәртібін анықтайтын құжаттардың электрондық көшірмесі:

Радиотехникалық жабдықты және радиобайланысты пайдалану қызметіне бекітілген ұшуды радиотехникалық қамтамасыз ету (бұдан әрі – ҰРТҚ) және байланыс жабдықтарының (құралдарының) жиынтық тізбесі.

ҰРТҚ және байланыс құралдарын резервтеу жөніндегі бекітілген нұсқаулықтардың тізбесі;

ҰРТҚ және байланыс құралдарына (жай-күйі бойынша қызмет көрсетілетін құралдардан басқа) техникалық қызмет көрсету және жөндеу кестесі);

ҰРТҚ және байланыс құралдарына жерде тексеру жүргізу туралы ақпарат;

ҰРТҚ және байланыс құралдарына ұшу тексеру жүргізу туралы ақпарат;

"Азаматтық авиация әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының) пайдалануға

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

жарамдылығы нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 381 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12303 болып тіркелген) Азаматтық авиация әуеайлақтарының (тікұшақ айлақтарының) пайдалануға жарамдылығы нормаларына ҰРТҚ және байланыс құралдарының сәйкестігі туралы ақпарат;

7) Аэронавигациялық ақпаратты басқару қызметі (бұдан әрі – ААБ қызметі) персоналының жұмыс тәртібін айқындайтын құжаттардың электрондық көшірмесі:

ААБ қызметі персоналының бекітілген лауазымдық нұсқаулықтары және олардың жұмыс тәртібін анықтайтын рәсімдер;

бастапқы аэронавигациялық ақпаратты берушілердің қолданыстағы тізбесі;

бекітілген құрылымы:

8) әуеайлақта ұшуды метеорологиялық қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтың электрондық көшірмесі;

9) метеорологиялық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын персоналдың бекітілген үлгілік лауазымдық нұсқаулықтарының электрондық көшірмесі.

10) авиациялық метеорологиялық персоналдың құзыреттілігіне бағалау жүргізуді растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі: құзыреттілікке бағалау жүргізудің бекітілген әдістемесі; құзыреттілікке соңғы бағалау жүргізу бойынша анықтама;

11) Стандарттау бойынша халықаралық ұйымның (ИСО) 9000 сериялы сапа менеджменті жүйесінің сертификатының электрондық көшірмесі.

12) Іздестіру мен құтқаруды үйлестіру орталығы

		<p>персоналының жұмыс тәртібін айқындайтын құжаттардың электрондық көшірмелері; бекітілген лауазымдық нұсқаулықтар; бекітілген жұмыс технологиясы.</p>
9	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>	<p>1) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты аттестаттаудан өту үшін талап етілетін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) бар болса ; 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты заңды күшіне енген сот шешімі бар, соның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқықтан айырылуы.</p>
10	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар</p>	<p>Өтініш беруші ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы " жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметтері арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК